

**Жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдар саласындағы қызмет түріне қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы**

*Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 наурыздағы № 412 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 6 наурыздағы № 223 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 06.03.2013 № 223 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

«Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 6-бабының 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдар саласындағы қызмет түріне қойылатын біліктілік талаптары бекітілсін.

2. «Жедел іздестіру іс-шараларын жүргізу үшін арнайы техникалық құралдар саласындағы қызметті лицензиялау ережесін және осы қызмет түрлеріне қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 23 маусымдағы № 528 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 21, 238-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2012 жылғы 31 наурыздағы  
№ 412 қаулысымен  
бекітілген

**Жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдар саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары**

1. Жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды (бұдан әрі - АТҚ) әзірлеу, өндіру, жөндеу және өткізу жөніндегі қызмет мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:

- 1) АТҚ-ны әзірлеу және өндіру;
- 2) АТҚ-ны жөндеу және өткізу.

2. АТҚ саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары:

- 1) жоғарғы техникалық білімі бар маманның;
- 2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтерді пайдалана отырып, мәлімделген қызмет түрі бойынша жұмыс жүргізуге Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары беретін р ұ қ с а т т ы ң ;

- 3) осы біліктілік талаптарының қосымшасына сәйкес ең аз техникалық құралдар мен бақылау-өлшеу жабдықтарының;

- 4) біліктілік сынақтың нәтижелері бойынша жүзеге асырылатын мәлімделген тұлғалардың білім деңгейін бағалаудың болуын қамтиды. АТҚ саласындағы біліктілік сынақтарын тапсыру үшін сұрақтар тізбесін лицензиар белгілейді.

3. АТҚ-ны әзірлеу және өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін мынадай қосымша біліктілік талаптары белгіленеді:

- 1) арнайы бөлінген өндірістік үй-жайдың (жеке меншік құқығы немесе өзгеше заңды негіз болған кезде);

- 2) әзірленетін және өндірілген АТҚ-ны сақтау үшін оқшауландырылған үй-жайдың (жеке меншік құқығы немесе өзгеше заңды негіз болған кезде).

Б ұ л р е т т е ү й - ж а й л а р :

- 1) терезелері темір тормен;

- 2) тәуліктік күзет пультіне қосылған күзет және өрттен қорғау сигнализациясы жүйелерімен;

- 3) екі құлыпты құрылғысы бар мөрленетін темір есіктермен;

- 4) мөрленетін кемінде бір темір шкафпен жабдықталуы тиіс.

4. АТҚ-ны жөндеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін жеке меншік құқығында немесе өзге заңды негіздегі арнайы бөлінген үй-жайдың болуын қамтитын қосымша біліктілік талап белгіленеді.

Б ұ л р е т т е ү й - ж а й ;

- 1) терезелері темір тормен;

- 2) тәуліктік күзет пультіне қосылған күзет және өрттен қорғау сигнализациясы жүйелерімен;

- 3) құлыпталатын мөрленетін темір есіктермен;

- 4) арнайы техникалық құралдарды, және оларға техникалық құжаттамаларды сақтау үшін мөрленетін кемінде бір темір шкафпен жабдықталуы тиіс.

Жедел іздестіру іс-шараларын  
жүргізуге арналған арнайы техникалық  
құралдар саласындағы қызмет түріне  
қойылатын біліктілік талаптарына  
қосымша

**Техникалық құралдардың және бақылау-өлшеу  
жабдықтарының ең аз қажетті  
ТІЗБЕСІ**

Р/с №	Техникалық құралдардың және бақылау-өлшеу жабдықтарының атауы
1	мультиметр
2	осциллограф
3	вольтметр
4	амперметр
5	жиілік өлшегіш
6	жоғары жиілікті сигналдардың генераторы
7	төменгі жиілікті сигналдардың генераторы
8	ток күші мен кернеуі реттелінетін тұрақты ток көзі
9	реттелінетін айнымалы кернеу көзі (автотрансформатор)
10	өріс индикаторы
11	дәнекерлейтін станция